

#ЖаңаҚазақстан

Мемлекеттің байлығы белгілі бір адамдарға емес, бәріне халыққа тиесілі. Сондықтан бүкіл халықтың ал-ауқатын арттыру – алдымызда тұрған аса маңызды міндет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ҚАУІПСІЗ АТОМ

3

ТҰРҒЫН ҮЙ



АУЛАМЫЗ ЖАЙЛЫ МЕКЕНГЕ АЙНАЛАМА?

4

МӘСЕЛЕ



АТАҚ ҮШІН АРЗАН ХАЙП ЖАСАУ сәнге айналды

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

14.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты, аздаған жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 13 м/с

15.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №67 (6202) 14 маусым, сейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

10 қайырымдылық бағдарлама мен жоба жүзеге асырылуда



Мемлекет басшысы «Қазақстан халқына» қорының төрағасы Болат Жәмішевті қабылдады

Президентке Қордың азаматтарға көрсеткен көмегі бойынша есебі, сондай-ақ қайырымдылық қызметті ұйымдастыру жолдары жөнінде ақпарат берілді.

Болат Жәмішевтің айтуынша, қазіргі таңда Қор 10 қайырымдылық бағдарлама мен жобаны жүзеге асырып жатыр. Атап айтқанда, олардың сегізі медициналық көмек көрсетуге, біреуі ауыл балалары үшін спорт саласындағы әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталса, тағы бірі ауылдық жерлерден шыққан талапкерлер мен аз қамтылған отбасылардың студент балаларына білім гранттарын беруді қарастырады.

2

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕДІ!

Алматы қаласының волонтерлары 1000-нан астам отбасыға көмек көрсетті



Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы Бағдат Анарбаева атап өтті.

2

ҚЫСҚА...

- Бүгін, сағат 10.00-де Үкімет үйінде Үкімет отырысы өтеді.
- Қонаев қаласының қазіргі ерекше мәртебесі ескеріле отырып, қаладағы казиноның жұмысы туралы мәселе қарастырылуы мүмкін.
- «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ауыр жаракаттанған 5 қызметкері және Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің әрқайсысына 3 миллион теңгеден төледі.
- Қазақстанда «Ақмамәдениет туралы» заң пайда болады.
- Елімізде бес айда 130 балабақша ашылды.
- Өзбекстанда Қазақ ұлттық орталығының 30 жылдығы аталып өтті.
- Қазақстанда жер тексерісіне мораторийді алып тастау жоспарлануда.
- Елімізде жаңадан құрылған үш облыста автокөліктердің цифрлық коды әліпби тәртібінде бөлінген жағдайда, болжам бойынша Абай облысы – 18, Жетісу облысы – 19, ал Ұлытау облысы 20 нөмірімен белгіленеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Президенттің баспасөз қызметі атап өткендей, маусымның 16-сы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан құрылған Ұлытау облысының орталығында өтетін Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысына қатысады.

17 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Петербург халықаралық экономикалық форумының 25-мерейтойлық жиынына қатысады. Мемлекет басшысы форумның пленарлық отырысына қатысып, бірқатар екіжақты кездесу өткізеді деп жоспарланған.

19 маусымда Қазақстан Президенті Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисидің шақыруымен Иранға ресми сапармен барады.

Тегеранда жоғары деңгейде екіжақты кездесулер өткізу және бірқатар үкіметаралық құжатқа қол қою жоспарланып отыр.

■ ЖАРЛЫҚ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлан Баймолдаұлы Онжанов Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына, Расул Берекетұлы Жұмалы Қазақстан Республикасының Ливан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.

Сондай-ақ, Президент Жарлығымен ҚР Білім және ғылым министрлігі екіге бөлініп, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылды.

■ СЕНАТ

16 маусым күні Сенат отырысында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі тыңдалды.

■ ӘКІМДЕР

Жаңадан құрылған өңірлердің әкімдері белгілі болды. Барлық деңгейдегі жергілікті мәслихаттар депутаттарының баламалы негізде кандидаттарға ашық дауыс беру қорытындысы бойынша Ұлытау облысының әкімі лауазымына – Берік Әбдіғалиұлы, Абай облысының әкімі лауазымына – Нұрлан Ұранхаев, Алматы облысының әкімі лауазымына – Марат Сұлтанғазиев, Жетісу облысының әкімі лауазымына – Бейбіт Исабаев сайланып, өңірлер әкімдерін тағайындау туралы Президент Жарлығы шықты.

■ МИНИСТР

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елімізде жаңадан құрылған облыс орталықтары өңірлерді дамытуға жаңа серпін беретінін айтты. Министр Мемлекет басшысының бұл реформасы өңірлерде жинақталған проблемаларды кешенді шешуге және олардың одан әрі дамуының кедергілерін жоюға бағытталғанына маңыз берді.

Әлібек Қуантыров ведомство көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе – Қонаев қаласындағы казиноның жұмысы туралы мәселені қарастыратынын мәлімдеді.

«Бұл мәселе Ұлттық экономика министрлігі деңгейінде талқыланды. Бірақ менің ойымша, ол Қонаев қаласының қазіргі ерекше мәртебесін ескере отырып талқыланады. Ол облыс орталығына айналды. Сондықтан мәселе әлі де талқыланады деп ойлаймын», – деді министр.

Сондай-ақ, Ұлттық экономика министрі елімізде жаңадан құрылған үш облыста автокөліктердің цифрлық коды әліпби тәртібінде бөлінетінін мәлім етті. Ол цифрлық кодтың бөлу Ішкі істер министрлігінің құзырына кіретінін, сол себепті соңғы шешімді солар қабылдайтынын атап өтті.

«Әліпби тәртібінде 18, 19, 20 нөмірлері болатын шығар. Ақылға қонымдысы осы. Болжам бойынша Абай облысы – 18, Жетісу облысы – 19, ал Ұлытау облысы 20 нөмірімен белгіленеді», – деп жауап берді Ә.Қуантыров.

■ ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ауыр жаракаттанған 5 қызметкері және Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің әрқайсысына 3 миллион теңгеден төледі.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, «Қазақстан халқына» қоры қаза болған 19 адамның отбасы мүшелеріне 7 млн теңгеден және жоғарыда аталған органдардың ауыр жаракат алған 106 қызметкеріне 3 млн теңгеден ақшалай аударым жасаған болатын.

● ПРЕЗИДЕНТ

ЖОБАНЫҢ ҚҰНЫ –
400 МИЛЛИОН ДОЛЛАР

Мемлекет басшысы Yildirim Holding компаниялар тобының президенті әрі бас директоры Роберт Юксель Йылдырымды қабылдады.

Кездесуде химия өнеркәсібі саласындағы бірлескен бірқатар инвестициялық жобаны Қазақстанда жүзеге асыру перспективалары талқыланды.

Роберт Юксель Йылдырым Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы

кальций қосылған сода шығаратын зауыт құрылысының барысы туралы мәлімет берді. Жобаның құны – 400 миллион доллар. Сонымен қатар, түрік кәсіпкері Мемлекет басшысына Ақтөбе облысындағы «Восход» кен орнында хром концентратын өндіруге және өнім

шығаруға қатысты инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы, еліміздің бірқатар өңірінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі «Қазгеология» акционерлік қоғамымен бірлескен жұмыстары туралы айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркиямен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін атап өтіп, компанияның еліміздегі инвестициялық жұмыстарын қолдайтынын жеткізді.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ
10 қайырымдылық бағдарлама мен жоба жүзеге асырылуда

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Қордың мақсатты бағыттарын анықтауға қоғам мен қоғамдық институттарды белсенді түрде тарту қажет екеніне баса мән берді.

Болат Жәмішевтің айтуынша, Қор жаңадан толықтырылған Тұ-

жырымдаманы және Қайырымдылық бағытындағы бағдарламалар мен жобалар әзірлеуді қолға алды. Бұл жұмысқа коммерциялық емес сектордың өкілдері, мәслихат депутаттары, Қор меценаттары болып табылатын бизнес өкілдері мен сарапшылар кеңінен тартылады.

Қор төрағасының айтуынша, барлық атқарылып жатқан жұмыстар туралы толық ақпарат қоғам назарына ұсынылады. Қыркүйек айында өтетін Ұлттық қайырымдылық конференциясы осы уақыт аралығында атқарылған жұмыстың қорытынды есебі болмақ.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕДІ!

Алматы қаласының волонтерлары 1000-нан астам отбасыға көмек көрсетті



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

«Қайырымдылық шараларының басым бөлігі мұсылмандардың қасиетті Рамазан айында өткізілді. Еріктілер көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға ауызашар беріп, қала көшелерінде құрма мен су таратуға атсалысты», – деді Б.Анарбаева.

Бұл ретте қоғамдық қор төрайымы алматылық еріктілер өз миссиясын бір реттік акция емес, өмір салтына айналдырғандығын атап өтті.

«Біздің қаламызда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға кәсіптік бағдар беру және қысқа мерзімді кәсіптерге оқытуға бағытталған «әлеуметтік шеберхана» авторлық жобасы жұмыс істейді. Онда еріктілерге ерекше рөл беріледі. Сонымен қатар, біз «Ulagat» жобасына қатысып, жалғызбасты ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық жасаймыз», – деді еріктілер көшбасшысы.

Мереке күндері еріктілер үлкен жұмыстар атқарды. Олардың ката-



рына түрлі қайырымдылық іс-шаралар мен экоакцияларда кіреді.

Брифингтің тағы бір қатысушысы «Қазақстан еріктілері лигасы» ҚҚ төрағасы Нұрсұлтан Бекқайыров еріктілер өздерінің нақты іс-әрекеттерімен қоршаған әлемді, өз елін өзгертетінін атап өтті.

«Біз жеті бағыт бойынша жұмыс жасаймыз. Олардың ішінде: BILIM, SABAQTASTYQ, QAMQOR, TAZA

ALEM, YMIT, ASYL MURA, AYALA. Республикалық «Игі істер марафоны», «Ардагерлерді ардақтайық», «Шәй ішейік», «Жарқын жұлдыз» акцияларын ұйымдастыруға қатысып келеміз. Биылғы жылдың басынан бері фронт-офистің қолдауымен 80-ге жуық жоба ұйымдастырылып, жүзеге асырылды», – деді Н.Бекқайыров.

Оның айтуынша, қаланың барлық жоғары оқу орындарында «Қазақстан волонтерлар лигасы» қоғамдық қорының филиалдарын ашу жоспарлануда. Бүгінде бұл ұйымның филиалдары 23 жоғары оқу орнында жұмыс істейді.

«Мен еріктілер тек жастар қатарынан болады деген стереотиптердің бірін жоққа шығарамын. Біз «күміс волонтер» тұжырымдамасын әзірлеудеміз. Бұл белсенді азаматтық ұстанымы бар еңбектенуші адамдар», – деді Н.Бекқайыров.

Сөз соңында спикерлер ерікті болу қиын емес, кез келген фронт-офиске хабарласып, оқудан өтіп, команданың бір мүшесі болу жеткілікті екенін айтты. Азаматтардың қолға алған бастамалары медальдармен, Алғыс хаттармен марапатталып, елеусіз қалмайтынын атап өтті.



АЭС/ЖЭО

ҚАУІПСІЗ АТОМ

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоақов Алматыға жұмыс сапарымен келді



Суреттері түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоақов Алматы облысында Атом электр станциясының (АЭС) құрылысы және Алматы Жылу электр орталығын (ЖЭО) газға көшіру жөніндегі жобалардың іске асырылу барысын тексеру үшін Алматыға жұмыс сапарымен келді.



Динара
МҰРАТ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматы облысы, Балқаш көлінің жанындағы «Үлкен» кенті аумағында АЭС салу туралы шешім қабылданғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Болат Ақшолоақов журналистермен кездесу барысында атом электр станциясын салу қаншалықты қауіпсіз екенін түсіндірді.

Мекеме басшысының айтуынша, 2006 жылғы жиналған деректерге сәйкес, Қазақстанда мүлдем асейсмикалық аймақтар жоқ. «Тіпті, таулары жоқ аймақтардың, мысалы, Батыс Қазақстанның өзінде техногендік сейсмикалық қауіп бар, өйткені мұнай мен газ өндіріліп жатыр, сонымен қатар тектоникалық плиталар бар. Олардың ықтимал қозғалысын ешкім жоққа шығарған жоқ. Атом электр станциясын орналастыру кезінде климат пен судың болуы ескеріледі. Осының барлығын қорытындылай келе, біз Балқаш көлінің аумағы болашақта атом электр станциясын орналастыру үшін ең оңтайлы деп есептедік», – деді министр.

Алдын ала мәлімет бойынша, Балқаштағы су атом реакторларын салқындату үшін пайдаланылатын болады.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ЕСКЕРІЛЕДІ

Қазақстандағы АЭС жобасының авторлары сейсмикалық қауіпті аймақтарда атом электр станцияларын салу тәжірибесін ескеретіндерін алға тартты.

Сейсмикалық қауіпті аймаққа жататын Алматы облысында АЭС салу және пайдалану барынша қауіпсіз болады. Министрдің айтуынша, қазір Қазақстанда қарастырылып жатқан реакторлық қондырғылардың технологиялары Фукусиманың тәжірибесін ескереді.

Болат Ақшолоақов АЭС орналасатын жер учаскесі бойынша біраз сұрақтар туындайтынын мойындады. Жер сілкіну мүмкіндігі, сондай-ақ климат, жел мәселелері бар.

«Алдын ала болжам жасау мүмкін емес, әрине, көбісі цунамиде байланысты апат болған Фукусима станциясын мысалға келтіреді. Алайда, станция салынған кезде олар мұндай күшті цунами бола қоймайды деп сенді. Нәтижесін көріп отырмыз. Біз қазір қарастырып отырған реакторлық қондырғылар, біз таңдағымыз келетін технологиялар «Фукусиманың» тәжірибесін әлбетте ескереді. Елімізде жер қыртысының қалыптан тыс қозғалыстары, яғни алыс қашықтықтағы жер сілкіністерінің әсері басты қауіп төндіретіндіктен, жер мәселесінде сәйкесінше шешім қабылдадық.

Сондықтан барынша қауіпсіз болады деп ойлаймыз, – дейді Болат Ақшолоақов.

Сондай-ақ, министр АЭС-тен түсетін қалдықтарды кәдеге жарату туралы сұраққа жауап бере отырып, Қазақстанға басқа елдерден пайдаланылған ядролық отынды әкелуге тыйым салынғанына назар аударды. Бірақ елімізде өз қалдықтарымызды қауіпсіз сақтау тәжірибесі бар. Ол Маңғыстауда тоқтатылған реакторлық қондырғылардан қалған отынды кәдеге жарату қажеттілігіне байланысты пайдаланды.

«Біз де осындай қалдықтарды қауіпсіз көмуге мүмкіндік беретін нысандар бар. Қазақстан үшін бұл мәселе іс жүзінде шешілді», – деп атап өтті спикер.

АЛМАТЫЛЫҚ ЖЭО-НЫ ГАЗҒА КӨШІРУ

Атом станциясы орта есеппен 10 жыл бойы салынады, ал энергия тапшылығы күн сайын артып келеді. Болат Ақшолоақовтың айтуынша, құрылысты жеделдетіп, АЭС-ті 7-8 жылда салып шығуға болады. Сондықтан мекеме басшысы АЭС құрылысы кезінде қандай энергетикалық жобалар іске асырылатынын айтты.

Қаланың экологиялық мәселелерін шешу аясында «Самұрық-Қазына» жылу электр орталығын газға көшіру бойынша жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Мәселен, 2021 жылғы 26 мамырда Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте «Самұрық-Қазына» қоры Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесіндегі жиілік пен қуатты реттеу мүмкіндігімен Алматының 2-ші жылу электр орталығында қуаты 600 МВт-қа дейінгі бу-газ қондырғысын салу жобасын іске асыру жөнінде ұсыныс берді. Алматының 2-ші жылу электр орталығын толық газға көшіру 2026 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» бу-газ қондырғыларын сала отырып, 1-ші және 3-ші жылу электр орталықтарын кеңейтуді жоспарлап отыр. Алматының 1-ші жылу электр орталығын ауыстыру жобасы жалпы қуаты 250 МВт-қа дейін бу-газ қондырғыларын орнату арқылы станцияны кеңейтуді көздейді. Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Алматы электр станциялары» мекемесі негізгі жабдықты тұтастыруды қарастырып, болашақ жылу жүктемелерін нақтылап жатыр. Алматының 3-ші жылу электр орталығын ауыстыру жобасы жалпы қуаты 450 МВт бу-газ қондырғыларын орнату арқылы станцияны кеңейтуді көздейді. Бүгінгі таңда Алматының 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі

әзірлену үстінде. Сонымен қатар, 2021 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары көрсетілген энергетикалық жобаларды іске асыру жөніндегі тиісті жол картасын бекітті. ЖСК әзірлеуді аяқтау мерзімі – 2022 жылдың IV тоқсаны.

«Бір жағынан, біз экологияны жақсарту үшін көмірді газға ауыстырғымыз келсе, екінші жағынан, қуатты 600 МВт-қа дейін арттыру амалдарын ойластырудамыз», – деп атап өтті спикер.

ГАЗ БЕН БЕНЗИН БАҒАСЫ

Энергетика министрі Болат Ақшолоақов ағымдағы жылдың қаңтар айында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, министрліктің бұйрығымен 180 күнге мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізудің шекті бағалары белгіленгенін атап өтті. Мысалы, бүгінде АИ-92 бензинінің орташа құны 181 теңгені, АИ-95 – 213 теңгені, дизель отыны – 230 теңгені құрайды.

«Біз отын тарату жүйесін жетілдіруді, баға белгілеумен айналысатын өнімсіз делдалдарды жоюды ұсынамыз. Бұл шешім мұнай өңдеуге де, оны тасымалдауға да қатыспайтындар, сондай-ақ бұрынғыдай мұнай базалары, жанар-жағармай құю станциялары жоқтарға қатысты», – деді Энергетика министрі.

180 күннен кейін газ бағасының күрт өсуіне жол бермеу үшін Энергетика министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сатылатын сұйытылған мұнай газының айналымын бақылауға алады.

Болат Ақшолоақов АИ-92 және АИ-93 бензин сұрыптарының жаппай айтарлықтай өспейтінін, өйткені Энергетика министрлігінде бұл мәселе заңнамаға түзетулер енгізілгенге дейін және делдалдарды алып тастағанға дейін реттелетіндігін айтты.

АИ-95, АИ-96 және АИ-98 премиум маркалы бензиннің құнына келетін болсақ, министр бағаның негізсіз өсуін мемлекет те реттейтінін, бірақ қатаң бақылау күтілмейтінін атап өтті. Бұл дизельдік отынға да қатысты. Б.Ақшолоақовтың айтуынша, алдағы 180 күнде оның бағасы өспейді. Бұл күзгі жинау науқаны ойдағыдай өтуі үшін жасалып отыр.

Сонымен қатар, Энергетика министрі мұнай өнімдерін автомобильмен экспорттауға тыйым салу 6 айға ұзартылып жатқанын хабарлады.

«Кедендік шекаралардың болмауына байланысты мұнай өнімдері елден рұқсатсыз шығарылып жатыр. Бұған дейін оны теміржол көлігімен әкетуге тыйым салған болатынбыз. Енді Қазақстан аумағынан отынды автомобиль көлігімен әкетуге тыйым салу туралы бұйрықты ұзартатынымызды хабарлағым келеді. Осыған қарамастан, шекарадан отынмен шығу оқиғалары тіркелуде. Мұндай мәселелерде отынның рұқсатсыз шығарылуын бақылау шараларын күшейту арқылы шешіміз келеді», – деп түсіндірді Болат Ақшолоақов.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда

29 мыңға жуық
адам арнайы мемлекеттік
жәрдемақы алады.



Баум тоғайының аумағында
49 түрлі барлығы
104 500-ге жуық
жасыл желек бар.



«Жастар практикасы» бағдарламасы
аясындағы жалақы
122,5 мың теңгені
құрайды.



2025 жылға қарай мегаполиске
2,3 млн
турист тарту жоспарланып отыр.



Жыл соңына дейін
Наурызбай ауданында
55 000
тұрғын тіршілік нәрімен
қамтамасыз етілмек.



ТҮРҒЫН ҮЙ

Алматы еліміздегі ең ірі тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Шаһарда 820-дан астам басқару органдарына қызмет көрсететін 8879 көппәтерлі тұрғын үй (КПТУ) бар. Олардың 7129-ы басқарудың жаңа нысанына көшуге жатады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



АУЛАМЫЗ ЖАЙЛЫ МЕКЕНГЕ АЙНАЛА МА?

«МИБ төрағасына көңіліміз толмайды», – дейді тұрғындар

Мамыр айының соңындағы жағдай бойынша мегаполисте 4294 көпқабатты тұрғын үйді қамтитын 3983 жаңа басқару нысаны тіркелген. Оның ішінде 857-сі мүлік меншік иелерінің бірлестігі (МИБ), ал 3126-сы жай серіктестік (ЖС). Бұл басқарудың жаңа нысандарына көшуге жататын КПТУ жалпы санының 60,2%-ын құрап отыр.

Тұрғын үй саясаты басқармасы қолданыстағы басқару органдарының басшыларымен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, құрамында аудандық әкімдіктер өкілдері бар сегіз мобильді топ құрылған. Бүгінде олар қалалық жол картасы мен тұрғындар арасында жиналыс өткізу бойынша бекітілген кестемен жұмыстар жүргізіп жатыр.

Жалпы, қолға алынған қандай жұмыс болмасын оңай біте салмайды. Сол секілді, жаңа нысанға көшу барысында да, құжаттарды тапсыру-қабылдап алу кезінде де қиындықтар болады. Тұрғындардың арасында өзара түсініспеушіліктердің туындауы да заңдылық. Мәселен, Медеу ауданына қарасты Достық даңғылы, 162 мекенжайында орналасқан элиталық тұрғын үй кешенінің тұрғындары «дауыс беру арқылы сайлаған төрағамыз өз міндетін дұрыс атқара алмайды» деп шағымданып отыр. Пәтер иелерінің айтуларына, өздері тұратын үй МИБ-ке көшкілі бері барлығы ескіріп, қарыздары көбейген.



– МИБ құрғанда қаражатымыздың қайда бағытталатынын бақылап отыруға мүмкіндік болады деп ойлап едік. Коммуналдық төлемдерімізді уақытылы төлеп отырсақ та, үйіміздің жағдайы нашарлап кетті. Қаражаттың қайда жұмсалып жатқанын білмейміз. Қысқасы, МИБ төрағасына көңіліміз толмайды. Себебі, ол жұмысты дұрыс үйлестіріп отырған жоқ. Көлік тұрағы қирап, үйдің қасбетіндегі плиткалары түсіп жатыр. Үйіміздің ауласы, балалар алаңы әбден бүлініп бітті. Бір күні әуелі мына плиткалар басымызға түсе ме деп қорқамыз. Міне, күн ысып келеді. Аулаға сәнімен қоса салқын ауа қалыптасты-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ратын субұрқағымыз да жарамсыз болып тұр. Тіпті, тұрғын үй кешенінің кіреберісіндегі күзетшілер отыратын дүңгіршекке дейін қанырап бос қалды. Құдай бетін әрі қылсын, егер алда-жалда бұл жерге жедел жәрдем шақыратын болсақ немесе төтенше жағдай орын ала қалса, ешкімге оңай болмасы анық. Себебі, мына қақпа күзетшіміз кеткелі осылай құлып-пен жабық тұр», – дейді тұрғындар. Пәтер иелерінің айтуларына, күзетшінің кетуіне бірнеше ай бойы жалақысын алмауы мен айлығының қысқаруы себеп болған көрінеді.

МИБ құрсақ үйіміз, ауламыз жайлы мекенге айналады деген тұрғындар «коммунал-

дық қызметке уақытылы жасаған төлеміміз бірлестік төрағасының қалтасына кетіп жатыр» деп топшылайтындарын жасырмайды. Ал төраға бұл сөздерге мүлде келіспеймін дейді.

– Ауызсумен үнемі қамтамасыз етіп, күзетшілерге ақы төлеу үшін, алдағы қыс мезгіліне дайындық үшін – қаражат керек екенін жақсы білесіздер. Бүгінде тұрғындардың 40 пайызы төлем жасамаған, – дейді МИБ төрағасы Ахметнұр Бұлғабаев өз уәжін алдыға тартып.

Төрағаның жауабына қанағаттанбаған жұрт оның өз еркімен орнын босатуын қалайды. Егер келіспеген жағдайда тұрғын үй инспекциясына жүгінеміз дейді. Ал ведомство өкілдері бұл мәселені екі тарап өзара келісіп шешу керек деп отыр. Айта кететін бір жайт, осы айдың соңына дейін көппәтерлі үйлердің тұрғындары МИБ-ке немесе ЖС-ке көшулері тиіс. Неге десеңіз, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап ПИК өз жұмысын тоқтатады.

Иә, «таяқтың екі ұшы болады» демекші, әр істің де екі жағы бар. Біз бүгін МИБ құрудағы келеңсіздіктерді баяндадық. Келесі жолы тұрғын үйді басқарудағы өзгерістерді қос қолымен қолдап, жаңашылдықтың жемісін көріп отырған көппәтерлі тұрғын үйлер жайында айтатын боламыз.

ӘЛЕУМЕТ

Зейнетақы мен жәрдемақы өсті

Алматыда 232 мыңға жуық зейнеткердің зейнетақысы, 114 мыңға жуық адамның жәрдемақысы өсті.

Қазақстан Республикасының «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңындағы өзгерістерге сәйкес, биылғы 1 сәуірден бастап: айлық есептік көрсеткіш – 3180 теңге (3063 теңге 1.01.2022 ж. бастап), ең төменгі зейнетақы – 48032 теңге (46302), базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 20 191 теңге (19450), ең төменгі күнкөріс деңгейі – 37 389 теңге (36018), ең төменгі жалақы – 60000 теңге (60000).

Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ баспасөз қызметі хабарлады. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар да өсті. Мысалы, I топтағы мүгедекке берілетін жәрдемақы 69 155-тен 71 787 теңгеге өсті. Жаңа туған балаға берілетін бір-жолғы жәрдемақы 116 394 теңгеден 120 840-қа өсті. Төртінші балаға – 192 969-дан 200 340 теңгеге ұлғайтылды.



2022 жылғы 1 сәуірден бастап, осыған дейін тағайындалған жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері мөлшері 4%-ға артты. Оның мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 46 еселенген АЕК-тен аспауы керек, яғни 146 280 теңге. 2022 жылы 1 қаңтарда бұл көрсеткіш 140 898 теңгені құраған болатын.

«Алматы қаласы бойынша 231 740 зейнеткердің зейнетақы төлемі арттырылды. Мүгедектігі бойынша 37660 және асыраушысынан айырылу бойынша 12571 адамның жәрдемақысы өсті. Бүгінде Алматы қаласында арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар – 28677, көпбалалы отбасылар – 26761, көпбалалы аналар, алқамен

марапатталғандар – 4982, бір жасқа дейінгі күтім бойынша жәрдемақы алушылар 3153-ті құрайды», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Фарида Бокижанова.

Сонымен қатар, Фарида Маратқызы Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін әлеуметтік саладағы 44 мемлекеттік қызмет түрінің бәріне электронды түрде онлайн өтініш беруге болатынын, ол үшін қызмет алушылардың ұялы телефондарының нөмірі міндетті түрде мобильді азаматтар базасына (МAB) тіркелуі керек екендігін айтты.

Нұр ЖАМАЛ.

БІЛІМ

Мамандар тәжірибе алмасты

Еуропалық ғалымдар қазақстандық мамандарды Алматыда деректерді өңдеудің жаңа мүмкіндіктерімен таныстырды.

Сантьяго де Компостела (Испания) университетінің профессорлары Ансельмо Томас Фернандес Пенья мен Давид Энриге Лосада Карриль қазақстандық оқытушыларға арналған тренингтер өткізу үшін Алматы қаласына келді. ELVA Эрасмус+ жобасының алаңында отандық және шетелдік сарапшылар тәжірибе алмасып, шебер аналитик мамандарды даярлау үшін не қажет екендігі туралы пікірлерімен бөлісті.

– Біз айтылған жобаның білім беру саласы мен өнеркәсіпке қалай әсер ететінін талқыладық. Біздің мақсатымыз – Орталық Азия елдеріне ауқымды деректерді игеруге көмектесу, ірі өнеркәсіптік компанияларды ақпараттың үлкен көлемін жылдам өңдеуге және одан пайда алуға үйрету, – деді Сантьяго де Компостела университетінің докторы Сами Ашур.

Еуропалық мамандардың Алматыдағы мастер-класс сабақтары 6–9 маусым аралығында «Аумақты ақпаратты өңдеу және оны практика жүзінде қолдану» деген тақырыппен өтті. Семинарларды Испания, Словения және Италия ғалым-



дары өткізді. Олар қазақстандық оқытушыларға дата-анализдің жаңа мүмкіндіктері туралы айтып, оларды біздің білім беру бағдарламаларымызға енгізудің бағыт-бағдарын берді. Шетелдік сарапшылардың айтуынша, ақпаратты үлкен көлемде өңдеу барлық салаларда қолданылады, ал оны орындайтын кәсіби аналитиктер өте аз. Нұржан Дүзбаев, халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің цифрландыру және инновациялар жөніндегі проректоры:

– Шетелдік мамандар үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеудің әдістері туралы тренингтер өткізуде. Бұл өте қажет. Себебі, қазір барлық жерде ақпарат сақталады. Көлігіңіз камера түсіп қалса да, дүкеннен бірнәрсе сатып алсаңыз да оның бәрі жазылады. Бірақ мұндай ақпараттарды жай сақтап қоймай, оны өңдеу мен талдауды үйренуіміз керек, – деді ХАТУ цифрландыру және инновациялар жөніндегі проректоры Нұржан Дүзбаев.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



МЕДЕУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ НАЗАРЫНА

«ҚҰРҒАҚ УӘДЕ МЕН БОС СӨЗДЕН ШАРШАДЫҚ»

Tuісті мекемелер заңбұзушылыққа қашанғы көз жұма қарайды?



Досбол
АТАЖАН

Төле би көшесіндегі 26, 28, 30-шы үйлердің тұрғындары он жылға жуық уақыттан бері тыныстарын тарылтып, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырған ғимаратпен алысып келеді. Тұрғын үйге 1 метр арақашықтықта бой көтерген ғимаратта бүгінгі күні мейрамхана жұмыс істеп тұр. Біздің тұрақты оқырманымыз, редакциямызға арнайы тұрғындар аманатын арқалай келген Сүйінхан апаның айтуынша, бұл ғимарат 28-ші үйдің тұрғындарын қараңғыда қалдырып қана қоймай, әртүрлі құбырлардан шыққан жағымсыз иісімен, мейрамханаға келген адамдардың түнгі айқай-шуымен әбден мазаларын алған.

— Біздің үй бұрын «Дәуір» баспасының қызметкерлері мен журналистеріне арналып салынған. Менің еңбегім үшін осы үйдің кілтін Дінмұхамед Қонаевтың өзі тапсырған. Енді бейнетімнің зейнетін көремін деген шағымда осы бір үймен алысып келемін. Тұрғын үймен арасы 1 метр болмайтын бұл ғимарат көптеген заңбұзушылықтармен салынған. Екі үйдің арасында ешқандай талапқа сай келмейтін қазаншұңқыр жатыр. Ол 26, 28, 30-шы үйлерге қауіп төндіреді. Одан қала бере, дәл терезенің түбінен жүретін үлкен құбырлар бар. Күн түспейтіні былай тұрсын, осы бір құбырлардың кесірінен таза ауа кірсін деп терезе аша алмаймын. Жолдың арғы бетінде Бегалин атындағы кітапхана бар. Есіктің алды балалардың ойын алаңы. Соған қарамай қайбір жылдары осында адамдар жалаңаш билейтін түнгі клуб та болған. Ал қазір музыкасымен кешқұрым ұйқы бермейтін мейрамхана мазамызды алуда, — деді Сүйінхан Омарова.

Айтылған үйдің тұрғындарды мәселені заңды шешу үшін «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасына» жүгінген. Құрылыс басқармасы тұрғындардың арызын қарастырып, «Қамқор Центр» ЖШС-ына сәулет-жоспарлау тапсырмасы және жоба бойынша келісім берілмегенін және соған байланысты мәселені сотқа жолдағанын хабарлаған. Сот

тексеріс нәтижесінде Төле би 24 Б мекенжайындағы ғимараттың салынуында «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» туралы заң бойынша көптеген заңбұзушылықтар жіберілгенін анықтаған. Нәтижесінде «Қамқор Центр» ЖШС-ына №000883 нұсқама беріліп, құрылысты тоқтатып, белгіленген заңбұзушылықтарды жою және қазаншұңқырды көміп тастау туралы сот шешімі шыққан. Алайда, С. Омарованың айтуынша, 2014 жылдың 31 шілдесінде шыққан шешім әлі күнге дейін дұрыс орындалмаған.

— Сот болды. Шешім шықты. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. «Баяғы жартас сол жартас». Наурыз мерекесінде өздері қоршап алған үй маңына қой сойды. Біз айқай шығарған соң, амалсыздан оны алып кетті. Оған қоса, бізді мазақ қылғандай бұл жерге биодәретхана орнатты. Үйімізде жайбарақат тұра алмаған соң әртүрлі мекемелерге тағы жүгінумен жүрміз. Қалалық прокуратураға да, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне де, Қала құрылысын бақылау басқармасына да арыз жаздық. Бірі біздің құзыретімізге кірмейді деп ат-тонын ала қашса, бірі жауап бермей қояды. Ал «Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасы» Мемлекет басшысының шағын және орта бизнес өкілдерін тексеруге және бақылауға мораторий жариялауына байланысты 2023 жылға дейін жоспардан тыс тексеру жүргізе алмайтынын айтады. Осындай мораториймен қорғалған бұл мейрамхананың қорлығына қашанғы төзіп отыра береміз. Туісті мекемелер заңбұзушылыққа қашанғы көз жұма қарайды. Құрғақ уәде мен бос сөзден шаршадық. Әділетті қоғамға бастар Жаңа Қазақстанға қадам бастық. Ендеше, аудан басшылары тұрғындардың заңды талабына жауапкершілікпен қараса екен, — дейді Сүйінхан апа.

— Біз 28-үй тұрғындарының шақыртумен айтылған мекенжайға барып, бір-біріне тіресе тұрған мейрамхана мен тұрғын үйді, қоршау мен құбырларды өз көзімізбен көріп қайттық. Мәселеге көз жеткіздік. Ендігі кезекте, бұл проблеманы тиісті мекемелер айналып өтпей, Төле би тұрғындарының зарына құлақ асады деген үміттеміз.

Тоғыз жылдан бері тұрғындарды мазалап келе жатқан бұл мәселе оң шешімін тауып, Сүйінхан апаның бүгінде көлеңкеде қалған үйіне күн түседі деп сенгіміз келеді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Бұл мәселе 2013 жылдан бері әртүрлі басылымдар мен телеарналарда қозғалып келеді. Одан бөлек, «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінде де дәл осы жағдай бірнеше мәрте көтерілген. «Ақшам» арқылы айтамыз» атты айдарымен де, кейін «Мәселе» айдарымен де тұрғындар шағымының анық-қанығы айтылып, Төле би тұрғындарының талап-тілектері жан-жақты жазылған.

Сүйінхан Омарова айтқандай, «бұқаралық ақпарат құралдарында хабар тарап, мәселе қоғамда қандай да бір резонанс тудырған кезде мейрамхана уақытша жабыла қалады» екен. Алайда, бәрі тынышталғанда аты ғана өзгерген дәмхана өз жұмысын жаңа атаумен қайта жалғастыратын көрінеді, ал ескі проблема қала береді.

Бүгінге дейін «Қамқор Центр» ЖШС-на тиесілі ғимарат «Рейхан», «Сәбіз», «Гнездо», «Слова» атауларымен аталған және дәл қазір «Lova kitchen» мейрамханасы деген атпен жұмыс істеп тұр.

● ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК

ҮЙ ШАТЫРЫ ОРТАҚ МҮЛІККЕ ЖАТА МА?



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тұрғын үй қорын, коммуналдық шаруашылық саласын жаңғыртуға арналған бастамаға алматылықтардың көзқарасы жаман емес.

Десек те, жаңа форматқа көшу барысында түрлі кедергілер салдарынан бұл жұмыс баяу жүріп жатқаны жасырын емес. Міне, тура жарты айдан кейін ПИК жұмысын тоқтатып, оның орнына МИБ пен ЖС келеді. Бүгінде алматылықтар бұл тақырыпты әлеуметтік желілерде жиі талқылап жүр. Мәселен, қаладағы көппәтерлі тұрғын үйлердің бірінде жақында құрылған жай серіктестік өкілдері үйдің шатырын жөндеу үшін 10 жылға (шамамен 10 млн) пайызсыз несие алуды ұсыныпты. Ол қаражатты алу үшін тұрғындардың 70%-ы келісімін беріп, қол қоюлары қажет көрінеді.

«Жақында ғана ЖС құрдық. Үрлеп салып көзін қайсы?» демекші, төрағамыз бірден үйді «жаңартқысы» келіп жатыр. 10 миллион пайызсыз несие алып, оны әр пәтер иесіне бөлемекші. Ең сорақысы, бұл қаражат шатырды жөндеуге ғана кетеді екен!», — дейді Олег Львов есімді әлеуметтік қолданушы. Оның сөзін қостай кеткен Нұрғұл Мекебай: «Несие алып қарызға батуға жол бермейміз. Арнайы мемлекеттік бағдарламалар бар емес пе, соларға өтініш жолдайық», — деп ұсыныс айтыпты.

ЖС төрағасының «ұсынысы» қаншалықты дұрыс? Тұрғындар айтпақшы, бұл мәселенің басқа да жолы бар шығар? Сауалымызға орай жауап та табылды. Қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасының бөлім басшысы Жандос Қайырхановтың пікірінше, 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасының шеңберінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін (қасбет, кіреберістер, шатырлар, инженерлік жүйелер және т.б.) жөндеу жұмыстарын жүргізу



қарастырылған. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заң бойынша көппәтерлі тұрғын үй қасбеті, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, жергілікті, техникалық қабаттар, жалпы үйлік инженерлік жүйе жабдықтары, абоненттік пошта жәшіктері ортақ мүлікке жатады. «Мұндай басқару нысаны кезінде пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері заңнамада көзделген шешімдерді бірлесіп қабылдау және міндеттерді орындау жөніндегі барлық міндеттемелерді жүзеге асыруы тиіс. Яғни өздерінде жиналыс өткізу керек. Сол жиналыс хаттамасымен ресімделген шешім негізінде көппәтерлі тұрғын үй иелері Алматы қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасына мемлекеттік бағдарламаға қатысуға өтініш бере алады. Жаңа форматқа көшу барысында кедергілер туындамауы үшін пәтер иелері Тұрғын үй саясаты басқармасының өкілдері мен арнайы мамандардың кеңесіне жүгінгені жөн. Сонда ешқандай да қиындық туындамайды».

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

160 ҮЙДЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Өткен аптада Қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Нұрбол Қажин «Нұрлы жол» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында, көппәтерлі тұрғын үйлерді жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігерлермен кездесу өткізді. Атқарылған жұмыстардың мерзімі мен сапасы, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашу жөніндегі сұрақтар талқыланды. Еске сала кетейік, ағымдағы жылы бағдарлама аясында 352 лифтіні ауыстыру жоспарланған. Оның ішінде 91 үйге 198 лифт орнатылып үлгерген. Биыл сондай-ақ, 160 үйде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

● КЕРЕК ДЕРЕК

• Көппәтерлі тұрғын үйді жаңартудың мемлекеттік бағдарламасы 2011 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы бұл бағдарлама жетілдіріліп, 2025 жылға дейінгі «Нұрлы жер» бағдарламасына енгізілді.

• Бағдарлама қайтарымды негізде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ, лифт жабдықтарын толығымен ауыстыруға мүмкіндік береді.

• Бағдарламаға қаражат жергілікті бюджеттен пайызсыз бөліп төлеу негізінде қайтарым күні белгіленіп, өтеу мерзімі 8 жылдан 15 жылға дейін беріледі.

• Бағдарлама туралы толығырақ кеңес алу үшін ақпарат: «Алматы тұрғын үй» ЖШС: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 45. Телефон: 8 (727) 390-22-09.

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АТАҚ ҮШІН АРЗАН ХАЙП ЖАСАУ сәнге айналды

Әлеуметтік желіні қалт жібермей аңдып отыратын халыққа өзінің өмірінен де өзгенің өмірі қызығырақ. Кім кімге үйленді, кім ажырасты, кімнің баласы қайда жүр, кім жүкті, қай әнші немесе блогер орамал тақты немесе шешті деген секілді ақпараттар желіде қызу талқыға түседі. Жұртты шулататын жаңалық жариялайтын аккаунттардың рейтингісі де жоғары. Ал көп қаралым жинау деген сөз – табысты болудың кепілі.

«Отқа да, суға да түсуге дайын»



Айнур
СЕНБАЕВА

Иә, бүгінде әлеуметтік желі арқылы табыс тауып отырғандардың саны күннен-күнге артып келеді. Біреулер ақпараттық бизнес, SMM, психология, продюсерлік арқылы нәпақасын тапса, енді біреулер өздерінің тауарларын жарнамайды, әйтеуір ебін тапқан адамға әлеуметтік желі жанбағыс алаңына айналды. Ал әнші, актер, спортшы, блогерлер өздерінің танымалдығының арқасында желіде табысқа жетіп жүр. Өйткені, олардың аудиториясы көп.

Күмәнді жарнама берушілерден күйіп, абыройынан айырылып жатқан «жұлдыздар» да жоқ емес. Қалай десек те, олардың әрбір әрекеті халықтың көз алдында.

Ақпараттар ағыны таудан аққан сарқыраманың қарқынындай күшті заманда жұрттан қалмай, желіде танымал болудың да өз әдіс-тәсілдері бар. Өйткені, қанша сұранысқа ие маман болсаң да, әлеуметтік желіде белсенділігің төмен болса, табысың да орта-йып қалады. Сондықтан болса керек, қазіргі кезде танымал адамдар өздерінің жеке өмірінен сенсация жасап, танымалдығын одан әрі арттыра түсуге, аудитория назарын өздеріне аударуға тырысады.



«Атың шықпаса, жер өрте»

● «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:



Бұрын «Бред Пит пен Анджелина Джолли ажырасты, Рианна балалы болды, Шакира пластикалық ота жасатты, Криштиану Роналду аяғын бәлен миллионға сақтандырды» деген секілді шетелдік жұлдыздардың жаңалықтарын жиі оқитын едік. Қазір «Айқын бірінші әйеліне қайта қосылды», «Мақпал Жүнісова қызы туралы шындықты айтты», «Мөлдір Әуелбекова екінші рет

ажырасты», «Ерке Есмахан кімнен жүкті?», «Қайрат Нұртастың екінші әйелі бар екен» деген секілді отандық әртістердің өміріндегі жаңалықтар елді елең еткізеді. Осындай жаңалықтарды халық ынта-шынтысымен беріліп талқылайтындықтан да, күннен-күнге танымал адамдар өздерінің отбасы, ошақ қасындағы әңгімені әдейі таратуды әдетке айналдырды.



Жақында әлемдік киножұлдыздар Джонни Депп пен Эмбер Хёрдтың ұзаққа созылған сотында әйгілі актердің жеңіске жетуі миллиондаған адамның қызығушылығын тудырды. Сот отырысынан кейін «Tik-Tok» желісінде аккаунт ашқан америкалық актердің парақшасына санаулы сағаттарда 7 миллион адам жазылып үлгерген. Ол өзінің парақшасына бұрынғы әйелімен

соттасу кезінде қолдау білдіргендерге алғысын айтқан шағын ғана видеоролик жариялаған. Роликті көрушілердің саны 12 миллионнан асады. Осыдан кейін капитан Джек Воробейдің образын сомдаған актер голливудтық студиялармен миллиондаған долларлық келісім-шарт жасасуы әбден мүмкін. Бұл да танымал адамның жеке өмірі табысқа әкелетінінің бір дәлелі.

Сторителлинг (storytelling) ағылшын тілінен аударғанда – әңгімелеу. Мифтер, аңыздар, ертегілер мен әңгімелер, кітаптар, театр қойылымдары, көпшілік алдында сөйлеу – барлық жерде сторителлинг бар. Бұл жеке жанр емес, маркетинг әдісі. Бүгінгі таңда сторителлинг сұрықсыз тақырыпты қызықты мәтінге немесе видеоға айналдырудың ең тиімді әдісі. Сондықтан бұл техника маркетингте өте белсенді қолданылады. Сауатты құрылған шытырман оқиға оқырман үшін дәлелдер мен фактілерден гөрі әлдеқайда сенімді әрі өтімді.

Сторителлинг техникасы

Шоу-бизнес өкілдері мен блогерлері «охват», «фоллоуер» саны мен табысын арттыру үшін «отқа да, суға да түсуге дайын». «Атың шықпаса, жер өрте» демекші, сарапшылардың айтуынша, қазір жұрттың назарын аударып, құлағын елең еткізетін кез келген оқиға алдын ала жоспарланатын көрінеді. Мұны қазіргі заман тілінде сторителлинг техникасы деп атайды. Мұның бір көрінісі – эстрадалық жұптардың, танымал блогерлердің әдейі ажырасуы. Біреулердің шаңырағы ортасына түсіп, шын ажырасып жатса, біреулер сенсация үшін ажырасып, оны жұрттың талқысына салады. Яғни аудитория үшін ажырасқан жұптардың рөлін ойнайтындар көбейді.

Жаңа клипті жарыққа шығарар кезде немесе жаңа әннің тұсаукесері боларда әншілер аудиторияның назарын аудару үшін жеке өмірлеріндегі жаңалықтарды бөлісіп, сенсациялық оқиғаларды жариялайды. Ал инфо-

бизнесмендер курстарын сату мақсатында аудиторияны қыздыру үшін түрлі қитұрқы әрекеттерге барады.

Атақ үшін арзан хайп жасайтын танымал адамдардың бұл әрекетін қазақ сахнасының киесін, есті көрерменнің деңгейін түсінетін өнер иелері талай сынап, пікірлерін айтып та жүр.

Белгілі әнші Саят Медеуов кейбір әріптестерінің қылығына қынжылатынын айтты, өнерде жүрген біраз қыз-жігіттерді сынаған еді. «Жастарды былай қойғанда жасы 50-ге кеп қалған әріптестеріміздің кейбірі ойларына келгенін істеп жүр. Ауыздарынан «ақ ит кіріп, көк ит» шығады. Қай-қайдағы вайндарға түседі, айтып жүрген әңгімелері түкке тұрғысыз. Осыдан кейін өнер адамдары шегіртке болмағанда не болды? Танымал болудың жөні осы екен деп, сайқымазаққа айналып барамыз», – дейді әнші.



● ТҮЙІН:

Расында да, әркімнің өмірде өз жолы, тағдыры бар. Саналы адам өзінің жеке өмірі мен виртуалды әлемінің арасына шекара қоя біледі. Бірақ біз дәл қазіргі кезде өз өмірімізді жарнамалап қана қоймай, өзгенің хақына кіріп жатқанымызды түсінбей жүрміз. Инстаөмір мен жеке өмірдің аражігін ажырата алмай жүргенде уақыт ту сыртымыздан қол бұлғап өте шығады...



ТЕАТР

МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың студенттер өмірі мен ғашықтар туралы шығармасы «Махаббат, қызық мол жылдар» Ғабит Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанды.



Қойылымда Ербол рөлінде Дархан Сүлейменов, ал Меңтай болып Гүлбаһрам Байбосынова ойнады. Спектакль сюжеті шығармадағы негізгі оқиғалармен үндес. Тек режиссер кейбір оқиғаны бүгінгі жағдаймен ұштастырған, өзінше ой-шешімін ұсынған. Режиссер бұл қойылымның алғашқы сахналық нұсқасын осыдан бес жыл бұрын жасапты. Қанша уақыт ойда пісіп жүріп, биыл көрерменге ұсынылып отыр. Ал жалпы шығармашылық топ спектакльге 4 ай дайындалған.

Қойылымды тамашалауға келген көрермендер ерекше ынта-ықыластарымен бөлісті. Актерлардың шеберліктеріне тоқталып, өзіндік зерттеу жүргізгендігін де атап өтті.

«Мен драматургиялық ұшпағы сақталған, композициялық жүйесі берік һәм үйлескен материалды көрдім. Актерлік ансамбльдің мақсаты айқын, режиссер мен спектакльдің көркемдік мүшелерінің еңбегін көрдім. Образдар жүйесі айқын. Ербол, Меңтай, Тана, Тұмажан, Зәйкүл, Жорабеков сынды роман кейіпкерлері спектакльде көрініс тапқан. Портреттері де, характерлеріндегі штрихтары да романдағыдай», – дейді Ертай Біләл есімді көрермен.

Фархад Молдағалидің айтуынша, үлкен шығарманы тұтас қойылымға айналдыру қиын болған. Дегенмен,

шығармашылық топ қойылымды автор Әзілхан Нұршайықовтың рухына арнағандықтан үлкен абыроймен алып шыққан.

«Негізгі мақсатымыз – әр кейіпкердің жолын жоғалтып алмай, сол қалпы халыққа ұсыну еді. Мақсатымыз орындалды деп ойлаймын. Себебі, көрермен тыпыр етпей, соңына дейін көріп шықты. Қойылымда шынайылық бар. Халық соны сезгенінен кейіпкерлермен бір көңіл күйде отырып, уақыттың өткенін білмей қалды. Премьера ойдағыдай өтті. Актерлар кейіпкерді қалай сезді, тура солай ойнап шықты. Көрермен мен актер арасында байланыс орнатқымыз келді. Меніңше, дегенімізге жеттік», – деді режиссер Фархад Молдағали.

Спектакль реквизиттері минимализм жанрында екені көрінді. Бұл режиссердің қолтаңбасы десек артық айтпаймыз. Сондай-ақ, сахнаға күлгін түсті жарықты көп пайдаланып, сахна артына қараңғы шымылдық қана қойғанын көруге болады. Күлгін түс қара түспен үйлесіп, көркем атмосфера жасап көңілімізден шықты. Ербол рөлінің ішкі психологиялық иірімдерін, жан дауысын ашу үшін режис-

сер қосымша «Ерболдарды» (әртістерді) пайланған. Бұл сәтті шешім болды десек, артық айтпағанымыз болар.

«Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклінде композитор Ербол Нариманұлының көпке таныс «Таңғы блюз», «Туған үй» және «Тағдыр солай» әндері шырқалды. Композитордың айтуынша, осы әндер қойылымның көңіл күйі мен сюжетіне келіп тұрды.

Өз әндерімнен бөлек музыка да жаздым. Олар қойылымда Меңтай мен Тұмаржанның сахнасында және басқа да кездерде қойылды. Бұл шығарма бәрімізге таныс болғаннан кейін спектакліне арнап музыка шығару қиын болды дей алмаймын. Осындай үлкен жоба халықтың жүрегіне жетіп жатқанына өте қуаныштымын. Премьерада қатты толқып отырдым. Дайындықта қанша көріп жүрсем де, қойылымға әлі тоя алар емеспін, – деді композитор, әнші Ербол Нариманұлы.

Мәтіннің өңі бұзылмағандығының дәлелі спектакль тілінің көркемдігінен аңғарамыз. Монолог, диалог, баяндауларда режиссер романның мәйекті жерлерін таңдап, мәтінге драматургиялық өң бергендігі көрінді.

КИНО ӘЛЕМІ

«АҚЫН» – ҮЗДІК ФИЛЬМ АТАНДЫ

Бразилияда өткен «Olhar de Cinema» халықаралық кинофестивалінде режиссер Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын» фильмі «Басқа көзқарастар» бөлімінде «Үздік фильм» жүлдесін жеңіп алды.



иеленуімен құттықтаймын. Жаңа жеңістерді күтеміз», – деді Дәрежан Өмірбаев.

Сонымен қатар, «Ақын» фильмі Париждегі Жорж Помпиду атындағы заманауи өнер музейінде көрсетіледі.

Онда Берлин кинофестивалінің үздік фильмдері көрсетілетіні туралы фильмінің продюсері Юлия Ким хабарлады.

La Berlinale à Paris бағдарламасын Берлиналенің көркемдік жетекшісі Карло Чатриан және Помпиду мұражайының дирекциясы құрастырған. Шоулар 10–26 маусым аралығында өтеді.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен түсірілген қазақ фильмі 18 маусым күні жергілікті уақыт бойынша сағат 17.00-де көрсетіледі.

Айта кетейік, «Ақын» фильмі Berlinale Forum халықаралық кинофестивалінде жүлде алған еді. Бұл фильм Қазақстанда 14 сәуірден бастап прокатқа шықты. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген «Ақын» фильмі технологиялар дамыған қазіргі заманда өнердің қоғамда алатын орны туралы ой қозғап, поэзияға сұраныс азайған дәуірде ақынның күйініші туралы сыр шертеді.

КАМЕРАЛЫҚ КОНЦЕРТ

ПАРИЖДЕ ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Еуропаның түрлі елінен келген музыканттар мен әншілер Ұлы Дала әуендерін шырқау үшін Парижде бас қосты. Сахна саңлақтарының бәрі де бір кездері тағдырын Қазақстанмен байланыстырғандар.

Камералық концертке Австрия, Италия, Франция, Германия, Түркиядан келген әртістер қатысты. Тамыры қазақтан тараған музыканттар қандастарына сый жасау үшін бас қосты.

Кіші құрылтайға тарихи отанынан алшақта тұратын жүздеген қазақ жиналды. Еуропаның концерт сахналары мен театрларында өнер көрсететін қандастарымыз бір-бірін жақсы біледі. Өзара қолдау көрсетіп, бірлескен

жобалар жасауға тырысады. Орайы келгенде қазақстандықтарға арнап концерт коюды да дағдыға айналдырған.

Мерекелік іс-шарада қазақ халқының «Дударай», «Құсни Қорлан» және т.б. туындылары көрермен қауымды таңдай қақтырды.

«Ең бастысы, туған жеріңмен әрқашан байланыста болуын керек. Бәріміз де Қазақстанда туғанбыз.

Шетелде қазақ мәдениетін танытатын құрылтайда, концертте өнер көрсетуге мүмкіндік болып жатса, мен әрқашан қолдау білдіріп, қатысуға дайынмын», – дейді әнші Құдайберген Әбілдин.

Шара «Отандастар» қоры мен Қазақстанның Франциядағы елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

«Біздің әуендерді Еуропа еліне таныту керемет идея деп ойлаймын. Себебі, қазақ музыкасы оңай өңделеді. Біз музыкаларды, тек қазақстандықтар ғана емес, еуропалықтар тыңдай алатындай өңдедік», – деп атап өтті музыкант Айдана Мадияр.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ҚАЛАМЫНАН ТУҒАН ӨСИЕТІ, ҮЛГІСІ ӘЛІ ЕСІМІЗДЕН КЕТКЕН ЖОҚ

«...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ...әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді».

Мұхтар ӘУЕЗОВ,

«Ақанның елу жылдық тойы» атты мақаласынан.

ТҰЛҒАТАНУ

ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Ахмет Байтұрсынұлы – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы.

Ағартушылық мақсаты – өз алфавитін жасау, оқулықтар жазу. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-талытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе», «Маса», «Қырық мысал» атты оқулықтарын жазған. Қазақ әліпбиі – қазақ тілінің әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды.

Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады. А.Байтұрсынұлының ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек:

Жақсы әліпби тілге шақ болу керек; Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс;

Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Ахмет Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір қасиеттері ашылған.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А.Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Ұлт ұстазының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды.

(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

«1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп, терен. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазды. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынады. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,
1929 жыл.



ОЙТАЛҚЫ

ТАРИХ ҚИЯНАТТЫ КЕШІРМЕЙДІ

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашағына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.



Кеңестік дәуірде тарих Ақпан мен Қазан төңкерістерінен басталады деп үйреткен. Себебі, Кеңес Одағындағы әртүрлі ұлттар өз тарихын жете біліп, ондағы қателіктерден сабақ алса, оларды тамырынан ажыратып, атеистік көзқарастағы коммунист қылу мүмкін емес еді. Бұл мысалдан тарихтың адам өміріндегі орнын анық білуге болады. Ортақ тарих ұлттар мен адамдарды біріктіреді. Олардың өткен жеңістері мен жеңілістерінен тәлім беріп, ата-баба жолын көрсетеді, болашағына жол ашады. Ал қазақ елі өз тарихынан қаншалықты тағылым алып, жас ұрпақ өз өткенін қаншалықты құрметтеуде?

Мен қазақ халқы өз тарихын білмейді не құрметтемейді деуден аулақпын. Алайда, біздің жұртымыз үшін тарих тағылымы құр ақпарат ретінде қабылданатын секілді. «Зұлмат аштық жылдары миллиондаған қазақ қырылды, сан ғасырлар қалыптасқан ата-баба дәстүрінің тамырына балта ша-

былды» деп көзіне жас алған, «осындай оқиғаға не алып келді, қандай қателікті қайталамауымыз керек» деген адамдарды көре бермейсіз. Тіпті, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні екенін бірі білсе, бірі білмес. Осы тұста бізге еврей халқынан үлгі алған жөн. Израильде Холокост құрбандарының күні барлық мерекелік бағдарламалар тоқтатылып, тек өз тарихтарына арналған іс-шаралар өтеді. Күндіз екі минуттық дабыл сиренасы ойнағанда, адамдар барлық жұмысын тоқтатып, жазықсыз қырылған ата-бабаларын аза тұтады. Яғни еврей ұлтының әр азаматы өз халқының басынан қандай қиындық өткенін жүрегімен түсінеді, өз тарихын шынайы құрметтейді, одан әрқайсысы сабақ алады.

Қазақ халқы да қаншалық ауыртпалықты басынан кешірді. Патша заманында 400-ге жуық көтеріліске шығып, қаншама батырлар қолындағы қанжарын тастамас-тан қаза тапты. Аумалы-төкпелі революция кезінде, бірде большевиктерден, бірде меньшевиктерден қысым көрді. Кеңестік дәуірдегі сұм саясаттың кесірінен екі рет қолдан жасалған аштықтың зардабын тартты (1920-1921 және 1932-1933). Одан келе, жазықсыз жаламен қазақ үшін қызмет еткен бар зиялысы атылды. «Фашистерге төтеп береміз» деп қанша қазақ баласының сүйегі еліне қайтпай қалды. Міне, осындай тар жол, тайғақ кешулерден өткен тарихымызды ХХІ ғасыр қазағы шынайы түсінуін тілеймін. Тәуелсіздіктің ақ таңы біреудің сыйлығынан емес, қазақ үшін

төгілген қан мен тердің арқасында келгенін білсе екен деймін.

Сондай-ақ, тарих тағылымы бізге өткеннен хабар беріп қана қоймай, бүгінгі өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік берер еді. Тарихи трагедияларға алып келген оқиғалардың себеп-салдарын біліп, одан әркім өзіне тәлім алса, қазақ рушылдық пен тайпалық түсініктерден мүлдем ажырайтын еді. Қазақ хандығының құрдымына жетіп, ауызбірліктен айырылған сұлтандардың, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп өз жұртының азығын өзі тартып алған шолақ белсенділердің, репрессия жылдарында бір-бірлеріне арыз жазған күншілдердің қателігін қайталамас еді!

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

ТОҒАН САЛҒАН АНАЛАР

Бұл күні жасым сексенге келсе де, әлі күнге дейін «мына өмірден өтіп кеткен аналарымыздың алдындағы ұрпақтық борышымды өтей алдым ба?» деген сауал көкейімнен кеткен емес. Сол бір абзал жандардың жалғасы, өмірлерінің кішкентай ғана тамшысы екенімді жеткізгелі отырмын.

Біздің халық не көрмеді? Мың өліп, мың тірілген қазақ талай зобалаңды басынан өткерсе де, өзінің ұлттық болмысын жоғалтқан жоқ. Мен сол ашаршылықты, қызыл қырғын мен сұм соғысты да көзімен көріп, басынан өткерген аналарымыздың жан тебірен-терлік ерлігін әңгіме желісіне арқау етпекпін.

Сол жылдары Жамбыл облысының Шу ауданынан жеке бөлініп, өз алдына «Көктерек» ауданы құрылған еді. Көп ұзамай игерілмей жатқан жерлерге шаруашылық ашу туралы бастама көтерілді. Сосын осы төңіректерден колхоздар ұйымдастыру туралы да сөз болып, оның жоспары жасалған еді. Осыдан келіп, Шу өзенінің бойындағы шағын елді мекендердің басын біріктіріп, халқын отырықшылыққа айналдыру қажеттілігі туындаған еді. Сонымен, төмендегі Шу өзенінің жайылымындағы 100 шақырымдай жердегі халықты аудан орталығына жақындату үшін алдымен тоған қазып, сумен қамтамасыз ету керек болды. Осылайша бір емес, бірнеше колхоз ашу жоспарланды. Соның екеуі «Көктерек» ауданы орталығынан Мойынқұм құмына қарай орналасқан – Алғатарт және Еңбек колхоздары болатын. Осы колхоздарға су апару үшін алдымен тоған қазылып, оның жұмысын жүргізу

үшін «мұрап» сайлау керек болды. Оған «темірден түйін түйетін» ұста дайындалды. Бұл жұмысқа Жайлаубай Құдабаев деген кісі ұсынылды. Міне, осы кісінің шеберлігінің, ойлау қабілетінің жоғарылығының арқасында сол кезде талай мәселенің түйіні шешілген еді. Жер жағдайы мен судың қалай жүретіндігін дәл басып анықтайтын қабілетінің арқасында ғана талай жоспарды жүзеге асырды. Содан болар, ол кісіні жұрт «жанға жайлы Жайлаубай» деп атаушы еді. Ол кісі де барынша сыпайы, ешкімге дауыс көтермей, өз ісін ғана білген жан болды. Ауыл адамдары «Қойшы өткел» атап кеткен өткелдің аты айтып тұрғандай, суы жазда малға өткел, жері сәл биіктеу еді. Міне, осы биіктеу жер арқылы Шу өзенін байлап, қашыртқы салған еді.

Сол жолы Шу өзеніне бура салу арқылы қашыртқымен жүргізу үшін оншақты ер-азамат жұмылдырылды. Жұмысы өте ауыр әрі қауіпті болғандықтан бұл жұмысқа әйелдер қатыстырылмады.

Кейін осы колхоздың жұмысын жақсы үйлестіріп, басқарғаны үшін Құлтаев Нұрмағанбетке «Ленин» ордені беріліп еді.

Бүкіл ауыл адамының күшімен қазылған «Жаңа тоғанның» жалпы ұзындығы 20 шақырым, ені 5 метрдей еді дейтін үлкен-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

дер. Оның 5-6 шақырымы Шу өзенінің колхоздардың орналасқан жағасымен қатарласып, судың ағысымен бағыттаса жүріп жататын.

Сол кездегі негізгі жұмыстың барлығы ауыр болса да, қол күшімен атқарылған. Қазіргідей техника қайдан болсын? Оған екі колхоздан 50–60 шақты әйел қатысқан. Әйел-аналардың қандай қиын кез болса да, тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен, тиянақты атқаратынына осы жаңа тоғанды қазғандағы еңбектері дәлел бола алады. Енді сол ана-лардың есте қалған кейбіреулерінің есімдерін атап өту менің

ұрпақтық парызым, сол ана-лардың рухтарына Алланың рахымы, пайғамбарымыздың мейірім, шапағаты тисе деймін. Олардың арасында өзімнің анам «стахановшы» деген атақ алған Құтыбаева Балтажан да бар.

Егер арттарында іздеушісі болса, олардың бұл ерлігі Гинестің рекордтар кітабына жазылар еді. Әлемнің жеті кереметінің бірі – Қытай қорғанын салуға миллиондаған адам күші пайдаланылса, мына құрылыс тоғанының да осы әйел-аналардың қол күшімен жасалынғанын нағыз жанкешті ерлік деуге болады. Бірақ ол кешегі Кеңес заманында

жазылмай да, айтылмай да қалды. Сол әйел-аналардың бірде-біреуіне Еңбек Ері деген атақ берілмеді.

Қазылған жаңа тоғанның тереңдігі туралы нақты деректер де бар. Тоғанды қазғанда 3 өткелектен өткізіп отырған, әр өткелектің биіктігі шамамен 2 метрдей, сонда топырақты 6 метр биіктікке дейін лақтырып, шығарып отырған. Сол тоғанның орны бүгінге дейін сақталған.

Сағынбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
Қазақ КСР-інің еңбек
сіңірген мұғалімі. «Құрмет»
орденінің иегері, қарт ұстаз.



ТАҒДЫР



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ата-бабаларымыз ат тұяғымен төрткүл дүниені дүбірлеткен. Еуропа мен Азия төсінде билік құрды. Өркениет пен мәдениеттің көшін бастады. Үнемі алда жүрді. Ұлы даланың қасиетін танытты. Көшпелілер

Үмбет ӘБНАЗАРОВ:

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒЫМЫЗ

Елдігімізді қастерлеу – әрбіріміздің парызымыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!» деп ортақ ой тастаған еді. Демек, еліміздің кемел болашағы үшін атсалысу – бүгінгі ұрпақтың азаматтық парызы әрі жауапкершілігі.

руханиятының бай-қуатты екенін сездірді. Жүгірген анның, ұшқан құстың қанаты талатын кең сахарада ғұмыр кешті. Керуен жолдарын ашты. Зәулім сарайлар салды. Қысқасы, барша жақсылықтың бастауында тұрды. Осыншама шежірелі тарих бізге аманат ретінде қалды. Ендігі уақытта ата-баба аманатына адал болу – шарт.



Тағдыр – бағдарды айқындайды

Француз ақыны Ги де Мопассон «Өмір шыңға шыққанмен бірдей. Асықпай шығасың, зымырап түсесің» депті. Адамның тағдыр жолына қарап, осы сөздің байыбына барғандай боласыз.

Біздің әрбір қадамымыз қоғаммен байланысты. Әлеуметтің әлеуетін айтамыз. Керектіні көңілге түйеміз. Жақсыны жадымызға тоқимыз. Мұндай шаруа жанымызға жақын келеді.

Жуырда редакциямызға қария кісі келді. Басында қазақы тақия, сақал-мұрты ретті қойылған, көзі тік, сөзі нық екені

байқалады. Ұзақ жылдар Қазақ радиосында қызмет атқарыпты. Аты-жөні Үмбет Әбназаров. Өзі кезінде Желтоқсан оқиғасына радионың тапсырмасымен қатысыпты. Сол кездегі солақай пікірдің салқыны тиіп, егемендікке дейін жұмыссыз бос жүріпті. Халқымызда «үйінде қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген аталы сөз кездеседі. Осыған орай ақсақалдың шежірелі әңгімесін, Желтоқсан оқиғасы, тәуелсіздіктің елең-алаң шағы және Жаңа Қазақстанға қатысты ой-пікірлерімен бөлісуді жөн көрдік.

Еңбек түбі – береке

Ел арасында «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп жатады. Осынау мақал-мәтелдің өзегі хәм нәрі бүгінге дейін өзекті.

Біз 50–60 жыл Қазақ радиосында қызмет еттік. Сол қарашаңырағымыз жақында ғана ғасырлық мерейтойын атап өтті. Ұлттың үнжариясында кадрлар көп тұрақтамайтын. Біріншіден, мұнда асықпай өгіз аяңмен жұмыс істеуге болмайды.

Талабы күшті. Уақыттан ұтылмауың керек. Ақпаратты жедел алып, шапшаң эфирге беру – лазым! Сондықтан да шалт қимылмен, тез әрекет ету қажет.

Тағы бір шарт – әр ақпарат бүгін және кеше деген сөзбен басталғанда ғана еңбегінді ақтайды. Ал асығыс беріп, қате жіберсең, онда өз обалың өзіңе. Аталған талаптарға шыдас беру үшін тиянақтылық ауадай қажет.



Ұлттық намыс – ҰЛЫ ҰҒЫМ

Тағдыр адамның басын тауға да, тасқа да соқтырады. Десе де, аса мән бере бермейміз. Қазақ жұрты талайды көрді. Арпалыс пен өтпелі шақты өткерді. Дегенмен, ұлт болып сақталды. Тәңір жарылқады десек, артық айтпағандық болар.

Өмірде көп дүниені көріп, ойға түйесіз. Талай мәселелерді бастан өткіздік. Соның ең күрделісі Желтоқсан көтерілісі болатын. Ел-жұрт білсін деген мақсатпен шежірені баяндайын. Өздеріңізге мәлім,



Ерлік ұмытылмаса екен

Біз көпті көрдік. Жасым 80-нің сегізінше шықты. Ғұмырдың көбі кетіп, алдымызда тағдырдың алып кемесі тұр. Сол себепті де, жас ұрпаққа үлгі-өнеге, көрген-түйгенді айту парыз деп санаймын.

Қазақта «өткен күн тарих» деп айтады. Біздің әңгіме жастарға жетсе дейміз. Олар еліміздің болашағына қызмет етсе деген ой. Арман-ниетімізді орындаса деген тілек. Соны армандаймыз. Енді нәубет болмасын. Уағында Желтоқсан жастарын «ұлтшыл», «маскүнем», «бұзақы» деп айыптады. Біз осы сөздерді радионың эфирінен жібермедік. Сонда не үшін олай жасадық, өйткені өз қолымызды өзіміз кескіміз келмеді. Ондайлық адамдыққа да жат қылық еді. Сөйтіп, жұмыстан шеттеліп, «еш жерге

қабылданбасын» деген сөз жазылған құжатты арқаладық. Әр жерде қап көтеріп, жүк тасысақ та, әйтеуір күнімізді көрдік. Бұл арада ақын Мұхтар Шахановтың азаматтығын байқадық. Оны да айтпай кетуге болмайды. Кешегі желтоқсаншы жас буын бүгінгі аға буынға айналып барады. Кейбіреуі дүниеден өтті. Ендігісі сал болып қалды. Ал үшіншісінен хат-хабар болмай кеткен болуы да ықтимал.

Біздің ой біреу. Ол – желтоқсандықтарға оң көзқарас артып, олардың қоғамдағы мәртебесі белгіленсе, нұр үстіне нұр болар еді. Мемлекет басшысы ел тізгінін қолға алған сәттен бұл мәселеге маңыз бергені қуантты. Бұл бағыт бойынша істеліп жатқан шаруалар аз емес. Тарих бәріне баға береді.

Тәуелсіздік – Тәңірдің тәтті сыйы

Тәуелсіздік – бағымыз. Аялап қастерлеу әрбіріміздің парызымыз. Дамыту – міндет. Үлес қосу абыройлы борыш. Өйткені, қасиетті Отанымыз барша-мызға ортақ.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» депті. Шынында да, терең мағынамен айтылған пайым деп ұғынамыз. Дербестікке қол жеткізуімізбен бірге ұлттық мерекелеріміз – Наурыз, ата дініміздегі мейрамдарымыз қайта оралды. Бұл тараптан алғанда халықтың қуанышы, ризалығында шек болмады.

Ең бастысы, елдің көңілді күндері

орнап, нұрын төкті. Ақжарма тілектер ағылды. Мұны халық ешқашан ұмытпайтыны анық.

Конституциядағы кейбір бапты өзгеріп, әділетті қоғамға бастап бара жатқанымыз қуантады. Осы ойлаған мақсат-мұратымызға жетсек, әлжуаз кісілер оналады. Енді қалған аз ғұмырында қарттарға көңіл бөлінеді. Жастар жігерлі болса, өркендеу дегеніміз сол, қарақтарым. Халықтың тұрмыс-салты жақсарып, бұдан да кемел келешекке баратынымыз айқын.

Сондықтан осы жолда бір үйдің баласындай, бір жеңнің саласындай қызмет етейік демекпін.



ҚАЗАҚША КҮРЕС

ЕРАСЫЛ – «АЛМАТЫ БАРЫСЫ»!

Демалыс күндері Алматыда айтулы спорттық мереке өтті. Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында «Алматы Барысы» анықталды.

Қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» іріктеу сайысы саналатын «Алматы Барысы» турниріне спорт шеберлері, әлем біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегері қатысты. 90 келіден жоғары абсолютті салмақ дәрежесінде барлығы 22 палуан өнер көрсетті. Жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады. 1-орынға «Алматы Барысы» белбеуі мен 500 мың теңге, 2-орынға 300 мың теңге, ал 3-орынға 200 мың теңге берілді.

Айта кеткен жөн, қазақ күресі бұл жолы жаңа ереже жүйесімен өтті. Бұрын жасалған әдіске қарай «таза жеңіс», «жартылай жеңіс», «жамбас» және «бүк» ұпайлары берілсе, айтылған сайыста «бүк» ұпайы алынып тасталды.

Қарсыластар дәстүрлі түрде жеребемен анықталды. Жеребеде жолы болғандар жарысты бірден ширек финалдан бастаса, қалған палуандар 1/8-ден бастап бақ сынады. Сайыста қызуқанды жас спортшылар да, талай айқастан өткен тәжірибелі палуандар да өнер көрсетіп, келген көрермендерді әртүрлі әдістермен қуантты. Жарыс барысында қарсыласын екі қолдап қысып, белден асыра лақтырған, кездесу бойы жеңіле жүріп, соңғы секундтарда жеңісті жұлып алған тартысты сәттер де болды. Ширек финалда 141 келі көрсеткен Хамза есімді палуанды 92 келідегі Мағауинов Ернардың



белдесуде жеңуі, «Давид пен Голиаф» оқиғасын қайталағандай болды.

Жартылай финалда жарыстың кіл мықтылары сұрыпталып, осы кезеңде Мағауинов Ернар мен Жорабек Ерсұлтан, Жанатаев Ерасыл мен Сахан Әбдіқасым өзара сайысқа түсті. Ернар өзінен ірі бір палуанды жеңгенімен, 130 келі салмақтағы екінші қарсыласы Ерсұлтаннан айланып асыра алмады. Бір жарым минут өткенде Ерсұлтан қарсыласын таза құлатып, шешуші кезеңге жолдама алды. Ал жастары да, салмақтары да шамалас Ерасыл мен Саханның күресі тартысқа толы болды. Дегенмен, бағы мен бабы келіскен, «Қабанбай» лақап атымен шыққан Ерасыл таза жеңіспен келесі кезеңге өтті. 3-орын үшін таласта Ернар өз есесін жібермей, 200 мың теңгені ұтып алды.

«Алматы Барысы» анықталатын шешуі кездесуге шыққан екі

палуанның бойынан алдыңғы тартыстардан шаршағандары байқалса да, екеуінің де ешкімге жеңісті оңай бермейтіні көрініп тұрды. Лақап атын «Көкжал» деп қойған Ерсұлтан кездесудің басында кішігірім жарақат алғанымен, күресуін тоқтатқан жоқ. Әрі беріс тартыста 93 келі салмақтағы Ерасылдың басымдылығы уақыт өте байқала берді. Кездесудің төрт жарым минуты өтті дегенде Ерасыл Жанатаев қарсыласын аяғына іле жауырынмен құлатып, «Алматы Барысы» атанды.

— Бұл жарысқа мен екінші рет қатысып тұрмын. Былтыр жартылай финалға дейін жеткенмін. Алайда, ақтық кезеңге өте алмадым. Биыл осы сайысқа тыңғылықты дайындалып «Алматы Барысы» атандым. Жарыс жоғары дәрежеде өтті. Енді Алматының намысын «Қазақстан Барысында» қорғайтын боламын, — деді Ерасыл Жанатаев.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА



Әзірге жеңіліс жоқ

Футбол мен футзалдан Қазақстан құрамалары әлемдік аренада бірқатар жеңістерге жетті.

Ұлттар Лигасы аясындағы футболдан үшінші кездесуін Қазақстан құрамасы Беларусь командасына қарсы өткізді. Алаңның номиналды иелері болған Беларусь футболшылары ойынды белсенді бастап, Игорь Шацкийдің қақпасына ойын басынан-ақ бірнеше мәрте қауіп төндірді. Дегенмен, қазақстандық қақпашы сыр берген жоқ. 13-минутта Ян Вороговский сол қапталмен қарсыластарын оза жүгіріп өтіп, айып алаңына әуелете доп асырды. Абат Айымбетов бұл допты мүлті жібермей, баспен қақпаға дәл бағыттады. Айта кеткен жөн, бұл қазақстандық футболшының осы маусымда Ұлттар Лигасында соққан үшінші голы. Қарымта шабуылға көшкен Беларусь ойыншылары Эльхан Астанов та, Яблонский де, Бахар мен Седко да өз мүмкіндіктерін пайдалана алған жоқ. Есеп ашылған соң ойын бірінші таймның соңына дейін Қазақстан құрамасының басымдығымен өтті.

Кездесудің екінші жартысы алаң қонақтары болған біздің ойыншылардың өткір шабуылдарымен басталды. Алдымен Аслан Дарабаевтың қауіпті соққысын қақпашы қайтарса, соққыдан кейін доп аяғына түскен Айымбетов екінші мүмкіндікті сәтті пайдалана алмады. Оған Беларусь қорғаушысы кедергі жасады. Бабы келіскен қазақстандық ойыншыларға бақ жетіспей тұрғаны байқалды. Дегенмен, ойын соңына қарай қарсылас команданың шабуылы үдей бастады. Бұрыштама доптарынан кейінгі бойшаң Беларусь футболшыларының соққысын Шацкий бірнеше қайтара жолбарысша секіріп қайтарды. Алайда, 84-минутта тағы бір бұрыштама добынан кейін әуедегі күресті жеңген Владислав Малькевич баспен дәл соққы жасап, есепті теңестірді — 1:1. Ойынның соңына дейін екі команда да жеңіске жетуге бар күшін салғанымен, бірақ есеп өзгерген жоқ. Үшінші турдан кейін Қазақстан құрамасы Словакияны бір ұпайға озып, Ұлттар Лигасының өз тобында көш бастап келеді.

Сондай-ақ, Словакияда 6х6 форматында футзалдан 2022 жылғы Еуропа чемпионаты өтуде. Қазақстандық футболшылар 1/4 финалда Венгрияны жеңіп (1:1, пен. — 3:2) жартылай финалға жолдама алған. Бұған дейін Қазақстан құрамасы F тобында Грекияға (2:2), Англияға (2:1) және Израильге (2:5) қарсы үш ойын өткізген болатын. 1/8 финалда қазақстандықтар Черногорияны жеңді (3:3, пен. — 4:3). Өкінішке орай, жартылай финалда отандастарымыз Әзербайжан құрамасына 3:2 есебімен жеңіліп қалды.

ТЕННИС

Данилина шыңға шықты

Анна Данилина жұптық жарыста 25-ші жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ, жас алматылық теннисшілеріміз де халықаралық сайыстарда айтулы жеңістерге қол жеткізді.

Анна Данилина украиналық теннисші Валерия Страховамен бірге Францияда өткен халықаралық турнирдің жұптық сынында жеңімпаз атанды. Отандасымыз шешуші кездесуде Мария Лурдес Карла (Аргентина) мен Мария Тимофееваның (Ресей) жұбынан басым түсті.

Баяу қалыпта басталған ойын теңдігін өз шеберлігімен ресейлік теннисші Мария бұзып, қатарынан үш соққыны қайтарды. Бірінші сет 6:2 есебімен қос Марияның жеңісімен аяқталды. Екінші сетте барынша қайрат көрсеткен Анна мен Валерия бұл партияны өз пайдасына шешті — 6:3. Шешуші супер-брейкте қазақ-

стандық-украиналық дуэт екі матч-пойнтты алып, тартысты кездесуде жеңіске жетті — 14:12. Айта кеткен жөн, Франциядағы жеңіс — Данилина үшін жұптық жарыстағы 25-ші жүлде болды. Спортшымыз айтылған жеңістердің 24-ін Халықаралық теннис федерациясы (ITF) ұйымдастырған жарыстарда жеңіп алған.

Сондай-ақ, жас теннисшілеріміз де әлемдік аренада өз шеберліктерін танытуда. Тбилисиде өткен 14 жасқа дейінгі теннисшілер арасында үшінші санаттағы жарыста алматылық теннисші Арсений Требухин абсолютті чемпион атанды. Спортшымыз турнирдің басты жүлдесін



ресейлік Артем Семеновқа (6:3, 6:1) қарсы ойында жеңіп алды. Грузия астанасында алынған олжа Арсений үшін Еуропадағы бірінші жүлде болды. Осы жарыстың 16 жасқа дейінгі ойыншылар арасында ақтөбелік Демид Горбачев шешуші кезеңге шықты. Алайда, жерлесіміз ресейлік Сава Рыбакиннен айланып асыра алмады. Есеп — 4:6, 6:7 (3:7).

ШАХМАТ

Алматыда Халықаралық медицина қызметкерлері күніне арналған денсаулық сақтау саласы қызметкерлері арасында шахматтан «Үздік шахматшы–2022» қалалық турнирі өтті. Айтылған сайысқа Басқармаға бағынысты медициналық мекемелердің 16 қызметкері қатысты.

3 сағатқа созылған ойынның нәтижесінде ерлер арасында I орынды Әуезов ауданынан қатысқан, №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының травматологы Молдыбаев Нұрәулет,



II орынды Алмалы ауданынан қатысқан, Жедел медициналық жәрдем қызметі №5 қосалқы станцияның менгерушісі Жакешбаев Нұржан, III орынды Наурызбай ауданынан қатысқан, №7 қалалық

Алматылық дәрігерлер ақылмен жарысты

клиникалық ауруханасының Анастезиология және реанимация бөлімшесінің дәрігері Мырзахметов Болат иеленді.

Ал әйелдер арасында I орынды Түркісіб ауданынан қатысқан, №9 емхананың бас дәрігері Мұсабаева Әсем, II және III орындарды Жетісу ауданынан қатысқан №21 қалалық емхананың фармацевт-дәрігері Нұрсейітова Құралай және №11 қалалық емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері Сейсенғазы Нарғыз өзара бөлісті.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газет-теріне тарату жөніндегі менеджер қажет.

Анықтама телефоны: 8 (727) 232-36-51.

ТАҒЗИМ

ЕРЛІК ӨШПЕЙДІ



Алматыда қоғам қауіпсіздігі үшін күресте қаза тапқан полиция қызметкерлерінің құрметіне мемориалды ескерткіш ашылды.

М.Есболатов атындағы Алматы академиясында ашылған ескерткіш-тақтаға 32 тәртіп сақшысының аты-жөні жазылған. Жиынға ерлікпен қаза болған азаматтардың ата-аналары, ағайын-туыстары қатысты.

Шараға қатысушылар бейбіт заманда көз жұмған, қоғамдық қауіпсіздік үшін жандарын қиған батырларымыздың ерлігі ұмытылмайтындығын жеткізді.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Екі ауданда уақытша суық су болмайды

15 маусым күні сағат 9.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін Әуезов ауданының аумағында орналасқан «Тастақ-1» ықшамауданындағы бір-қатар үйлер мен ғимараттарда – Төле би көшесінен Райымбек даңғылына дейін, Райымбек даңғылы бойымен Өтеген батыр көшесінен Саин көшесіне дейінгі аралықта суық су уақытша тоқтатылады.

Сондай-ақ, Жетісу ауданына қарасты «Құлагер» ықшамауданының №25–59 үйлерінде 15 маусым күні таңертеңгі сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін суық су болмайды.

«Алматы Су» мекемесі баспасөз қызметінің мәліметінше, шектеулер жаңа су құбырын магистральдық желілерге қосу және технологиялық жабдықтарды ауыстыру үшін енгізіліп отыр.

Қала тұрғындары уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарайды деп үміттенеміз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне пандемия жағдайындағы қажырлы еңбектері үшін орнатылатын ескерткіштің үздік жобасы ашық байқауының БАҒДАРЛАМАСЫ және ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаты

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу үшін көркем-сәулет және мүсіндік композиция жасау арқылы денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне пандемия жағдайындағы қажырлы еңбектері үшін орнатылатын ескерткіштің ең үздік тұжырымдамалық мүсіндік-көркемдік шешімін анықтау.

2. Байқау бағдарламасы

Дәрігерлер мемориалы қазақстандықтардың өмірге қауіп төндіретін вирусқа табандылықпен, бірлесе, ынтымақтаса отырып қарсылық көрсеткенінің, жаңа өмірге деген үміттің, дәрігерлерге алғыс пен мәңгілік естеліктің символына айналуы тиіс.

Ескерткіш композициясы қолданыстағы сәулет және қала құрылысы ортасына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

Жобаны жасағанда мықты материалдар (мәрмәр, гранит, қола, т.с.с.) қолданылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 94 мекенжайында орналасқан С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ бас корпусының алды.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2022 жылғы 14 маусымнан 14 тамызға дейін. 2022 жылдың 14 тамызынан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 А, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №305 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурсықа ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. Times New Roman қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада ескерткіштің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурсықа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
3. Ескерткіштің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
4. Түсіндірме жазба.

Жобалар өлшемі 60x80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 272-01-38 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalem-esh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



Медеу ауданына қарасты «Алатау» кентіне орналасқан Роза Ақназарқызы басшылық етіп отырған №157 бөбекжай-балабақшаның бүлдіршіндері де биылғы Балалар жылына қолдау білдіріп, өз үнін қосып жатыр.



«БАЛАЛАРҒА ЕҢ ҚАЖЕТТІСІ – БАҚЫТ, КҮН ЖӘНЕ ДОСТЫҚ» атты спорттық-сауықтыру мерекесі өтті



Рая
ЕСКЕНДІР

Бөбекжай-балабақшаның «Болашақ», «Балдәурен», «Балдырған» атты топтарының бүлдіршіндері осынау мерекеге орай «Балаларға ең қажеттісі – бақыт, күн және достық» атты спорттық-сауықтыру мерекесін өткізді. Таза ауада өткен мерекелік іс-шара аясында бүлдіршіндер спорттың бірнеше түрінен сайысқа түсті. Өздерінің епті, ширақ екендіктерін көрсеткен балақайлар-

дың спортты серік еткендіктері көрініп тұр. Сайыс барысында өнерпаз балақайлар да өз өнерлерімен мерекенің көркін кіргізді. Ата-аналар да бүлдіршіндерінің балабақшадағы әрбір сәті қызықты өткізіп жатқанына куә болды.

– Отбасындағы ерке балалармыздың балабақшада мүлдем басқа бала екенін көріп, қайран қалып жатырмыз. Балаларымыздың өнері, спортқа икемділігі, оқып, жаза білетіні барлығы тәрбиешілердің төккен тері мен еткен еңбегінің арқасы, – дейді ризашылықтарын білдірген ата-аналар да.

ӨЗ ПАЙЫМЫМ

ЖАРГОН СӨЗГЕ АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Дүние жүзінде таза өз тілдерінде сөйлейтін мегаполистер мен шаһарлар бар. Мәселен, Жапония астанасы Токио, Оңтүстік Корея орталығы Сеул және Түркияның рухани ордасы Анадолы аймағы. Аталғандар жаһанның қарқынды дамыған қалалары әрі мәдени ошақтары болып саналады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазіргі адам жеңіл сөйлеуге құмар. Қысқа тіл қатып, жеңіл жауап бергісі келеді. Сөйтіп, ұзын сөзден қашады. Нәтижесінде жаргонға соқтығады. Бірақ көбіміз мән бер-

мейміз. Ақын Абай атамыз «бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның ақылсыз бейшарасы» деп баға беріпті. Осы өлеңдегі «ақын» сөзін «адам» деп өзгертсе артық болмас еді. Өйткені, бүгінде тілді шұбарлауға құмар болып алғанбыз. Тіл тазалығына назар аудармаймыз. Осыған орай сауалнама әзірлеген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арайлым ҚОЖАН, лингвист:

СӨЗ БҰЗУ ҒАЛАМТОРДАН БАСТАЛАДЫ

Қазір қалаға шыға қалсаңыз, 50–60 пайыз тілдерін түзбарлап сөйлейтіндерді кезіктіресіз. Үлкен қалаларда жаргонсыз таза сөйлейтін, арасына бөтен сөз қосарламайтындар некен-саяқ. Бұл тенденция жыл сайын артуда. Менің пайымдауымша, әлемдік топтардың әсері зор. Бүгінде жас та, жасамыс та ғаламторға телміруде. Мұны Instagram, WhatsApp, Viber, Vk сынды әлеуметтік желілердің ықпалының артқанымен байланыстырамын. Өйткені, гаджеттердің дамуы адам санасы, ойлау қабілеті, өмір сүру дағдысына барынша әсерін береді. Өзіміз де күнделікті сол интернеттік ағымнан шыға қоймаймыз. Тез, қысқа сөйлеуге жатықпыз. Өйткені, лингвистика ғылымында адам көмекейі жеңіл екпінмен жылдам сөйлеуді жөн көреді дейді. Соңғы кездері астарлы, мағыналы, ұлттық қордағы сөздерді қолдану бәсеңдеді. Дегенмен, көпке топырақ шашпаймыз.

Өркен ЕРБОЛУЛЫ, студент:

САУАТСЫЗ ЖАЗА БЕРЕТІН БОЛДЫҚ

Алматыда оқып жүргеніме бес жылдан асты. Сабақтан бос уақытыма әртүрлі жұмыс жасаймын. Сондағы байқағаным, қалада «ок», «бай», «bgo» деп шетелшелеп сөйлеген мода екен. Өзім ауылдың қарапайым баласы болған соң, әдепкіде құлағыма біртүрлі естілетін. Кейін үйренеді екенсің. Әсіресе, жастар болып басқосударда «брат», «шаймаш», «қыртпаш», «картопты жарды», т.б қосу әдетке айналған. Тіпті, телефондағы хабарламаларды сауатсыз жаза беретін болдық. Бір жағынан, оңай. Сондықтан осылай, қысқа, жеңіл айтуға үйреніп кеттік. Ұзақ әрі сөзбалағанды көбісі тыңдағысы келмейді. Меніңше, кімге қалай ұнайды, ол солай істейді.

Қаратай АҚЫЛБАЕВ, қала тұрғыны:

КӨРКЕМ ТІЛ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ

Менің жасым 80-нен асты! Бізді Кеңес Одағы тәрбиеледі. Бастауыш сыныпты ауылда аяқтадым. Кейін қалаға көштік. Алматыда жалғыз №12 қазақ мектебі болды. Көбісі оған бара алмады. Міне, сол кезден бастап көшеде, саябақта, демалыс орындарында қазақша сөйлеу азайды. Өзім технологиялық институтты орысша бітірдім. 1991 жылы Тәуелсіздік алдық. Дәл сол уақыттарда біз сияқты орыс тілге үйреніп қалған азаматтарға қиынырақ соқты. Дегенмен, қазақша газет-журналдар оқып, біраз тіл сындырдым. Бірақ «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген рас! Кей-кейде тілімізді шұбарлап жібереміз. Қарап отырсам, немерелерімде ағылшын мен орысша жаргондар басым. Олар анық, айқын сөйлемейді. Менің таңқалатыным да осы. Дегенмен, көшеде тәп-тәуір сөйлеп бара жатқандарды көріп, риза болып қаламын. Осы күні тілдері енді шығып жүрген шөберелерімді таза сөйлеуге, ана тілімізді шұбарламауға үйретіп жүрген жайым бар.

Ғабиден Мұстафин атамыз: «Тіл салақ сөйлегеннен бұзылды» депті. Шынында, ана тілімізге деген ұқыптылық болашаққа салған инвестиция сынды. Бүгінде қоғамның дамуына көз ілеспейді. Ауылдық жерге қарағанда үлкен қалаларда өзгеріске ұшырауы оң-оңай. Сондықтан өткен XX ғасырда осы жаргон сөздердің алдын алу мақсатында бірқанда істер атқарылды. Ақын-жазушылар кітаптары ұлттық тамырдан нәр алып, оқырман зердесіне шуақ шашатын. Соның нәтижесінде шалғайдағы елдімекендерге дейін кітапты кеміре оқитын. Манағы үш буынның пікірін саралай келгенде, интернеттің әсері орасан болып тұр. Десе де, «көш жүре түзеледі» дейді.

ТҮЙІН: Жаргонға жабыса бермеген абзал. Бәрінің басын қиынсыз қоссаңыз, қойыртпаққа айналады. Соңында тіл тазалығы болмайды. Ал ондайлық бізге жат. Сондықтан әрбіріміз таза сөйлеп, тік жүріп, сөз арасын шұбарлауға жол бермейік.

Жұлдыз – жорамал

(14 маусым – 21 маусым)



Тoқтy (21.03 – 20.04)

Сейсенбіде аздаған қарсылыққа тап болып, ойыңызды іске асыруға кедергі келтіреді. Әйтеуір бір нәрсе сіз ойлағандай болмайды. Салдарынан ой мен істі басқа арнаға бұруға тура келеді. Апта соңында қаржылық мәселелер туындап, жағдайыңызды одан әрі қиындатуы мүмкін. Жұлдызшылар кеңесі: жақын, сенімді адамдардың көмегіне жүгініңіз. Дер кезінде көмек қолын созса, бірқатар мәселенің шешімін табуға болады.



Торпак (21.04 – 21.05)

Алдағы аптада іскерлік қабілетіңізді танытуға оңтайлы мүмкіндіктер туады. Тиімді пайдаланып, кәсібіңізді кеңейтіп қалуға тырысыңыз. Сатушы болсаңыз, «сауда сақал сипағанша» деген тіркестің дұрыстығына дәл осы аптада кезекті рет көз жеткізесіз.



Егіздер (22.05 – 21.06)

Аптаның екінші жартысында сүйіктіңіз аздап жүйкеңізді жұқартады. Қызғаныш пен зілді әзілдің кесірінен өзара түсіністік пен сыйлас-тыққа сызат түсуі мүмкін. Жұлдызшылардың берер кеңесі: тұтанып келе жатқан кез келген өртті бір-біріңізді айыптаумен үрлеп үдетпей, дер кезінде сөндіріп тастауға тырысыңыз.



Шаян (22.06 – 23.07)

Бұл аптада жаңа бастаманы қоя тұрып, бар ойыңыз бен назарыңызды күнделікті тіршілікке аударған дұрыс. Күш-қуатыңызды да қажетсіз нәрселерге жұмсамаңыз. Керісінше, энергия алатын істермен айналысыңыз. Себебі, жұлдызшылар алдағы апталарда көп күш пен рухты қажет ететін жағдайлар орын алуы мүмкін деп сақтандыруда.



Арыстан (24.07 – 23.08)

Қандай да бір адам не жағдай жылы орныңыздан қозғалуға мәжбүрлейді. Сонысымен де өзгерістерге толы жеті болмақ. Әсіресе, жеке көлігіңіз болса әуре-сарсаңға көп түсесіз. Белсенді еңбекке ең қолайлы күндер – сәрсенбі мен бейсенбі. Ал сенбі мен жексенбіде жеке өміріңізге қатысты күрделі жайттар орын алады. Мұндай жағдайларда кінәні өзгенден емес, өзіңізден іздеп, әрекеттер мен әдеттеріңізге сырттай баға беруге талпыныңыз – жұлдызшылардың сізге айтар ақылы осы.



Бикеш (24.08 – 23.09)

Келер жұмада жұмысбастылықтан аздап бас тартсаңыз дұрыс болар еді. Отбасыңызға көбірек уақыт бөліңіз. Балалармен, жұбайыңызбен қарым-қатынасты бұрынғыдан да жақсартуға күш салыңыз. Аула мен бақша жұмыстарын қолға алыңыз. Себебі, бұл апта кеңседегі кеңістікті емес, жеке әлеміңізді ретке келтіруге аса қолайлы. Оған қоса, осы уақыт аралығында тиісінше тынығып, жұмысқа деген құлшыныс оянып, қызмет орнына жаңаша қарқынмен барасыз.



Таразы (24.09 – 23.10)

Алдағы аптаның біршама күнін мазасыз өткізесіз. Сөзім мен эмоция жетегінде кетіп, көңіл толқыны тулап тұратын жағдай жиі кездеседі. Салдарынан жақындарыңызды ренжітіп, арада салқындық тууы мүмкін. Жағдайды ұшықтырып алмайын десеңіз, «үзіліс» жасап, үнсіз жүре тұрыңыз. Кейін жылы қабақпен «қайта жүктеу» режимін қоса қоясыз. Айталық, сенбі-жексенбіде ренжітіп алған жақыныңызға арнап қызықты демалыс ұйымдастыруға болады. Бұл жеке өмірге қатысты. Ал қызметке келсек, кеңседегі бар ынтамен атқарылған кез келген ісіңіз жемісті болады.



Сарышаян (24.10 – 22.11)

Алдағы жетіде денсаулығыңызды қолға алсаңыз құба-құп. Олай етпеген жағдайда зорығудың алғашқы белгілері байқалады. Ал адам ағзасы әбден қалжырап, зорыққанда түрлі ауру-сырқауға шалдыққыш болатынын білетін шығарсыз. Сол себепті, жұмыс қарқынын аздап бәсеңдетіп, өзіңізді күтіңіз. Ақыл-ой мен еңбек күшін көп қажет ететін істерді асықпай, арасында үзіліс жасай отырып атқарыңыз.



Мерген (23.11 – 21.12)

Бұл аптада бірсыпыра жиған-тергеніңізді ұсақ-түйекке, пайдасыз бұйымдарға жұмсап жіберу мүмкіндігі жоғары. Көңіл көтерген, сауда жасаған жақсы-ақ. Көңіліңіз қалаған қажетсіз нәрсеге қаржы жұмсауды қалтаңыз да көтеріп тұр. Өйткенмен, ертеңгі күнді де ұмытпаған жөн. Апта күндері қашықтан жұмыс жасайтындар үшін табысты болғалы тұр. Іскерлік байланыстарды арттыруға да оңтайлы.



Тауешкі (22.12 – 20.01)

Шығармашылықпен айналысатын Тауешкілер үшін табысты кезең. Қаржы жағынан да, жаңа туынды жағынан да. Ал кәсіпкерлерге бизнесті дамыту мен жаңа бастаманы қолға алуға аса қолайлы емес. Қызмет орнында қауырт әрі шиеленіске толы жайттар орын алады. Жұлдызшылар қандай жағдай болса да, ешкіммен пікір таластырмауға, текетіреспеуге кеңес береді.



Сукүйғыш (21.01 – 19.02)

Апта күндерін таныстық арттырып, жаңа білім алуға, таным көкжиегін кеңейтуге арнасаңыз, сәтті өтері сөзсіз. Әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстары жақсы нәтиже береді. Кеңсе қызметкерлері бұл аптада еркіндік пен өз ойын ашық білдіру мүмкіндігіне мұқтаж. Кей Сукүйғыштар мамандық не қызмет саласын басқа арнаға ауыстырғысы келеді. Алайда, жұлдызшылар асықпауға кеңес береді.



Балықтар (20.02 – 20.03)

Қиял әлемінде қалықтамай, жерге түсіңіз. Олай етпесеңіз, шынайы өмірге еркіндік пен тыс оралуға мәжбүрлейтін жағымсыз жайлар орын алады. Жағымсыздық жақын адамыңыз тарапынан болуы ықтимал. Қанша жақын болса да, оны ақтауға тырыспаңыз. Жағдайға шынайы баға беріп көріңіз. Бәлкім, ол адам өзіңіз ойлағандай соншалықты «жақын» емес те шығар.